

**«Dariya» балабақшасы 2025 – 2026 оқу жылына мектепке дейінгі
ұйымның Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Қараша 2025 ж

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
Ата – аналар,
Тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (бейнебақылау, қрт қауіпсіздігі)
2. Балабақшадағы қосымша үйірмелердің ұйымдастыру барысымен танысу.
3. Балабақшадағы тамақтану сапасын және ас мәзірінің сәйкестігін бақылау.
4. Балабақшаішілік «Абайды оқы, таңырқа.» іс – шарасының өтілу нәтижесін талқылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. сөз алды. Ол 2025 -2026 оқу жылында балалардың қауіпсіздігі ең басты орында екенін айтты. Қазіргі уақытта балабақшада бейнебақылау камералары жұмыс істеп тұрғанын және ата – аналардың сенімін арттыру үшін онлайн қолжетімді екенін атап өтті.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Шоферова Ж. бейнекамераның ата – аналарға онлайн қолжетімді болуы балалардың қауіпсіздігін қорғаумен қатар, келеңсіз жағдайлардың алдын алуға септігін тигізеді деді.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрайымы күн тәртібіндегі келесі мәселемен таныстырып, сөз кезегін балабақша әдіскері Усербаеваға берді.

Сөз алды:

А.Усербаева 2025 – 2026 оқу жылында балалардың жан – жақты дамуы мақсатында ағылшын тілі, робототехника және логопедтік түзету бойынша қосымша үйірмелер жыл басынан ұйымдастырылғанын хабарлады. Үйірмелер балалардың жас ерекшеліктеріне сай арнайы бекітілген кесте бойынша жүргізіледі, деді.

Сөз алды:

Логопед Сариева Ж. сөз алып, сөйлеу тілінде кемшіліктері бар балалармен жеке және кіші топтық жұмыстар жүргізіліп жатқанын баяндады.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Самашев асхананың жай – күйі, азық – түлік сақталатын орындар мен тоңазытқыштар тексерілгенін айтты. Тағамдардың пісірілу сапасы, дәмі және порциялардың салмағы бекітілген ас мәзіріне сәйкес келетіндігін айтты.

Сөз алды:

Балабақшаның бас аспазы Н.Туманшиева сөз алып тағамдардың тек жаңа піскен, сертификталған өнімдерден дайындалатынын, балалардың денсаулығына зиянды қуырылған немесе ащы тағамдардың мәзірге қосылмайтынын айтты.

Тындалды:

Балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. «Абайды оқы, таңырқа» іс – шарасының қорытындысы бойынша есеп берді. Іс – шара аясында Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқып, ертегілерімен сахналық қойылымдар көрсетілді, іс –шараға тәрбиеленушілер, педагогтер мен ата – аналар белсене қатысты. Жоспарланған мақсаттар толық орындалды.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Самашев іс – шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Балалардың шығармашылық белсенділігі мен қазақ – тіліне, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтары артқанын айтты.

Қаулы:

1. Қауіпсіздік пен бейнебақылаудың тұрақты жұмыс жасап тұруы қадағалансын.
2. «Dariya» балабақшасының қосымша үйірмелердің жұмыстары «қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Балабақшадағы балалардың тамақтану сапасы мен ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігін бақылау нәтижесі «жоғары деңгейде» деп бағалансын.
4. «Dariya» балабақшасында өткен «Абайды оқы, таңырқа» іс – шарсының нәтижесі «өте жақсы» деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Шоферова Ж.

Хатшы: Шаниева С.